

Мемлекеттік қызметтер

*Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білім беру саласында мемлекеттік қызметтер
көрсету қағидаларын бекіту туралы*

Мемлекеттік қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша немесе онсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жеке мемлекеттік функцияларды немесе олардың жиынтығын іске асыру нысандарының бірі.

КМҚК «Көлік колледжінде» мемлекеттік қызметтің 7 түрі көрсетіледі:

- 1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау.***
- 2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушыларды ауыстыру және қалпына келтіру.***
- 3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқасын беру.***
- 4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді аяқтамаған тұлғаларға анықтама беру.***
- 5. Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету***
- 6. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру.***
- 7. Азаматтардың жекелеген санаттарын, сондай-ақ қорғаншылықта (қамқоршылықта) және патронаттағы адамдарды, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының студенттері мен оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз ету.***

*Азаматтардың жекелеген санаттарына,
сондай-ақ қорғанышылыққа
(қамқоршылыққа) және патронаттағы
адамдарға, техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі және жоғары білім беру
ұйымдарының студенттері мен
тәрбиеленушілеріне тегін тамақтандыруды
ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларын бекіту туралы.*

Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жекелеген санаттарды тегін тамақтандыру тәртібін айқындайды. Азаматтардың, сондай-ақ қорғанишылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдардың, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының студенттері мен оқушыларының.

2. «Азаматтардың жекелеген санаттарын, сондай-ақ қорғанишылық (қамқоршылық) және патронаттағы адамдарды, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының студенттері мен тәрбиеленушілерін тегін тамақтандыру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету Тәсілдері:

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру арқылы жүзеге асырылады:

1. Қызмет көрсетушінің кеңсесі

2. Коммерциялық емес акционерлік қоғам

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

3. «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

- *құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға тапсырған сәттен бастап – 5 жұмыс күні;*
- *Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.*
- *Қызмет тегін көрсетіледі*

Тегін тамақтануға арналған құжаттар тізімі:

1) белгіленген нысандағы өтініш;

2) туу туралы куәлік – көп балалы отбасы балалары үшін;

3) қорғаншылықты (қамқоршылықты), патронаттық тәрбиені бекіту туралы анықтамалар – жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасында тәрбиеленетін балаларға;

4) мүгедектік туралы анықтамалар – мүгедектер мен бала кезінен мүгедектерге, мүгедек балаларға немесе психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысына – дамуында ауытқуы бар балаларға;

5) өтініш берушінің (отбасының) жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушыларға жататынын растайтын анықтамалар - атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасы балалары үшін;

6) алынған табыстар туралы мәліметтер (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жалақысы, кәсіпкерлік қызметтен және өзге де қызметтен түскен кірістер, балаларға және басқа да асырауындағы адамдарға алимент түріндегі кірістер) – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балалар үшін; жан басына шаққандағы орташа табыс күнкөріс деңгейінен төмен.

Барлық сұрақтар бойынша:

КМҚК «Көлік колледжі»

Қ.Мұхамедханов көшесі, 42

1 корпус, 1-қабат, оқу бөлімі.

Телефон: 8(7222) 522674

сот.: 87076093074

Дина Бақытқазықызы